


ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, I

Юрисдикция. 2-бөлім





Соңғы дәрісімізде біз әскери қылмыстар, бейбітшілікке қарсы және адамзатқа қарсы қылмыстар туралы айтып, юрисдикция туралы арнаулы шарттар, күдіктілерді заңсыз ұстау мен юрисдикцияны жүзеге асыру, экстрадициялау және экстратерриториялық юрисдикция мәселелеріне тоқталамыз.

Әскери қылмыстар, бейбітшілікке қарсы және адамзатқа қарсы қылмыстар

Бүгінде қарақшылықпен қоса, әскери қылмыстар да әмбебаптық юрисдикцияға жататыны айтылып жүр. Ал әскери қылмыстар өте-мөте нәзік те саяси мәселе екені белгілі. Бірақ Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңдегі әскери қылмыстар жөнінде қабылданған шешімдердегі қағидаттардың заңды екеніне күмән аздау. Бұл кезеңде АҚШ әскерлерінің Вьетнам соғысы кезінде жасаған қылмыстары, Пәкістан әскерлерінің 1971 жылғы Бангладеш соғысы кезінде жасаған қылмыстары, одан кейінгі қақтығыстар кезіндегі әскери қылмыстар туралы қайшы пікірлер де көп.

1945 жылғы Халықаралық әскери трибунал жарғысының 6-бабында бейбітшілікке қарсы қылмыстар, соғыс заңдары мен соғыс әдет-ғұрыптарын бұзу, адамзатқа қарсы қылмыстар осы трибуналдың юрисдикциясына жататыны және ондай қылмыстар үшін жеке адамның жауапкершілігі қарастырылған. Бүгінде бұл бапқа халықаралық құқықтың бір бөлігі ретінде қарауға болады. БҰҰ Бас Ассамблеясы 1946 жылы бірауыздан қабылдаған қарарда Нюрнберг трибуналының жарғысы халықаралық құқық қағидаттарына сай және трибуналдың үкімі заңды деп танылды. Бас Ассамблея 1968 жылы Әскери қылмыстар мен адамзатқа қарсы қылмыстарға ескіру мерзімін қолданбау туралы конвенция қабылдап, халықаралық құқықта әскери қылмыстар жалпыға ортақ юрисдикцияға жататынын қолдады. Ал 1949 жылғы Женева «Қызыл крест» конвенцияларында ауыр қылмыстар үшін әмбебаптық юрисдикция бар. Мұндай ауыр қылмыстардың қатарына қасақана адам өлтіру, азаптау немесе адамгершілікке жатпайтын әрекеттер, қорғаудағы адам мен кепілдіктегі адамды заңсыз депортациялау кіреді. 1949 жылғы конвенцияларға 1977 жылы қабылданған I хаттамада ауыр қылмыстардың қатары кеңейді. Мысалы, бейбіт халыққа шабуыл жасау сияқты қылмыстар қосылды.

Халықаралық құқық комиссиясы 1996 жылы Бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар кодексінің жобасын қабылдады. Кодексте «әрбір қатысушы мемлекет, керек болған жағдайда, осы кодекс жобасында аталған қылмыстарға өз юрисдикциясын жүргізу үшін қажетті шара қабылдауы тиіс» деген бап бар. Ал 9-бабында бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмыс жасаған адам қай мемлекеттің территориясында болса, оны сол мемлекет тергеуге алуға немесе экстрадиция жасауға тиістігі туралы айтылған. Бұл баптың түсініктемесінде қатысушы мемлекеттердің соттары «әмбебаптық юрисдикция қағидатына сай, аталған қылмыстарға «кең көлемде юрисдикциясын жүргізе алататыны» айтылған. Жеке тұлғаның жауапкершілігі белгіленген бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар қатарына басқыншылық, геноцид, адамзатқа қарсы қылмыстар, БҰҰ мен соған қатысты адамдарға қарсы қылмыстар, әскери қылмыстар кіреді.

Қандай да бір әрекетті халықаралық қылмыс деп тану әмбебаптық юрисдикцияға негіз бола алмайды. Әзірге мемлекеттердің практикасында әмбебаптық юрисдикция тек әскери қылмыстарға, бейбітшілікке қарсы қылмыстарға, адамзатқа қарсы қылмыстардың шегінде ғана қолданылады.

Әмбебаптық юрисдикцияның ішкі соттарда да қолданылуы туралы айтар болсақ, ол бірінші рет 1961 жылы Иерусалимнің округтік соты мен Израильдің Жоғарғы соты қараған Eichmann ісінде көрініс тапты.

Эйхман 1951 жылы Израильдің заңдары бойынша соғыс қылмысы үшін, еврей халқына қарсы және адамзатқа қарсы қылмысы үшін жауапқа тартылған еді. Иерусалимнің округтік соты әр мемлекеттің заң шығарушы және сот органдары халықаралық құқықты оның қылмыстарға тыйым салу және сотта жауапқа тартуын жүзеге асыру үшін қолдана алады деп мәлімдеді.

Эйхманның қылмыстары Израиль мемлекеті құрылғанға дейін жасалуы Израильдің өз құзіретін халықаралық құқықтағы әмбебаптық қағидатына сай дұрыс қолдануына кедергі



болмады. Израильдің муниципалдық құқығы халықаралық құқықта белгіленген қылмысты тек нақтылады десек те болады.

2003 жылы 25 ақпанда Испания Жоғарғы соты *Guatemalan Genocide* (Гватемаладағы геноцид) ісі бойынша юрисдикция тек Испания азаматтары жәбір көрген оқиғаларға ғана таралады деп шешім қабылдады. Дегенмен 2005 жылғы 26 қыркүйекте конституциялық сот бұл шешімнің күшін жойып, «ішкі юрисдикциядағы адамзатқа қарсы қылмыстар жөніндегі нормалар Испания азаматтары жәбір көрген оқиғалармен ғана шектелмейді» деген шешім қабылдаған.

Юрисдикция туралы шарттар

Қарақшылық пен әскери қылмыстар жасаған адамдарды ұстау және соттау үшін жалпыға ортақ белгіленген әмбебап юрисдикцияға қоса, халықаралық қауымдастықта су асты кабельдерін үзуден бастап, есірткі заттарын тасу мен құл саудасына дейін тосқауыл қоюды мақсат ететін халықаралық шарттар бар. Бұл шарттар әмбебап юрисдикция емес, тек мемлекеттердің юрисдикциясының жүруі қарастырылған. Кейбір конвенцияларда белгілі бір қылмыстарға қатысты квази-әмбебап юрисдикция деп атауға болатын юрисдикция жүреді, яғни ол юрисдикция анағұрлым көп мемлекетті қамтиды әрі ол юрисдикцияны қатысушы-мемлекеттер ішкі муниципалдық құқығына енгізілуге міндетті.

Көп жағдайда аталған қылмыстарға *jus cogens* нормасы бойынша юрисдикция жүргізіледі деп белгіленген. Кейде *jus cogens* нормасының ықпалымен, әсіресе қылмыс ауыр сипатта болса, әмбебап юрисдикция жүргізуге болады деген пікір айтылады. Ондай жағдайда халықаралық құқық қылмыскерге ішкі құқық актілерін қолданған жөн деп есептейді. Осылайша оның әмбебап юрисдикциядан айырмашылығы – айыпталушы сол мемлекеттің территориясында болуы тиіс. Мысалы, қарақшыны ашық теңізде ұсталса да, тергеу жұмысын мемлекетте жүргізеді. Ондай жағдайда юрисдикция әмбебап сипатта емес, квази-әмбебап сипатта болады. Судьялар Хиггинс, Кожманс, Бюргенталь *Congo v. Belgium* (Конго мен Бельгия арасындағы) ісі бойынша берген біріккен жеке пікірінде ондай жағдайды шынайы әмбебаптық юрисдикция емес, керісінше, «тұлғаларға міндетті түрдегі территориялық юрисдикция» немесе «экстратерриториялық қылмыс жасаған тұлғаларға территориялық юрисдикцияны орнату» деп атайды.

Мұндай халықаралық шарттарда мемлекеттің нақты қандай іске юрисдикциясы бар екенін көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар, шартқа қатысушы мемлекеттен соны қолдануды талап ететінін атап өткен жөн. Мысалы, ондай шарттардың көпшілігінде – қылмыстық іс қозғап, тергеуге алу немесе ал кейбіреулерінде қылмыскерді соттық тергеу жүргізетін елге экстрадициялау талап етіледі.

Квази-әмбебап үлгідегі бірқатар шарттар бар. Бұл шарттарда кейбір қылмыстарды қатысушы-мемлекеттердің ішкі құқығы аясында қаралатын қылмыс ретінде таниды. Мемлекеттерге өзінің территориясында жүрген қылмыскерді ұстауды; ұсталған қылмыскерді азаматтық, территориялық немесе пассивті құқықтық субъектілік қағидаттары негізінде тергеуге алуды талап етеді. Мұндай шарттарда, әдетте, мемлекеттер арасындағы өзара көмек беру қылмыскерді экстрадициялау талаптары көрсетіледі.

Мысал ретінде БҰҰ-ның 1984 жылғы Азаптауға қарсы конвенциясы мен адамдарды кепілге алуға, валютаны қолдан жасауға, әуе кемесін ұрлау мен есірткі заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы шарттарды атауға болады. Бұл тектес шарттарды әдетте мемлекеттік деңгейде жүзеге асырады.

Күдіктілерді заңсыз ұстау мен юрисдикцияны жүзеге асыру

Мемлекет қызметкерлерінің басқа мемлекеттің территориясында күдіктіні заңсыз ұстауы юрисдикцияға қайшы келмейтіндей болып көрінеді.



Әрине, мемлекеттің өзін-өзі қорғау қажеттігінен тумаса, басқа кезде ондай заңсыз ұстау халықаралық құқықты бұзу және мемлекеттің жауапкершілігіне заңсыз араласу болып саналады деген қауіп бар. Күдіктіні ұстау үшін халықаралық құқықты бұзбай, ең алдымен, сол мемлекеттің рұқсатын алу қажет деуге болады. Бірақ халықаралық практикаға зер салсақ, бәрі басқаша. Көп жағдайда қылмыскерді ұстау мен тергеу жүргізу юрисдикциясының айырмасы анық білінеді. Сонымен қатар, қылмыскерді ашық теңізде немесе оның үстінде ұстау мен басқа мемлекеттің территориясында оның келісімін алмай ұстаудың айырмашылығын ескерген жөн.

Тағы бір айырмашылық мемлекет күдікті қылмыскердің қозғалуының шарттары көрсетілген экстрадициялау туралы шартқа қол қойған мемлекеттің территориясынан ұстау жағдайына қатысты. Сондай-ақ, күдіктіні ұстау оның жасаған қылмысының түріне де байланысты. Сондықтан іс халықаралық қылмысқа қатысы болса, соттық тергеуге кедергі келтіретін ұстау проблемасының аса маңызды емес мәселе ретінде қаралуы мүмкін. Әрине, мұндай ұстау, қылмыскерді тұтқындау шаралары адам құқығын өрескел бұзуы әбден ықтимал.

Бірақ бұл юрисдикцияның жүзеге асуына әсер ете ме, әлде әсер етпей ме деген мәселе маңызды.

Бұл туралы көзқарас әр мемлекетте әрқалай екені анық. АҚШ апелляциялық сотында *US v. Toscanino* (АҚШ пен Тосканино арасындағы) заңсыз ұстау кезінде юрисдикцияға әсер етпейді деген ереже, жауапкердің сотқа күш қолданып немесе ұрлап әкету жолымен келген кезде қолданылмауы тиіс деген пікір айтты. Бірақ бұл көзқарас ақырында қолдау таппады.

US ex rel. Lujanv. Gengler (яғни Лухан, АҚШ пен Генглер арасындағы) істе Токанино ісінде көрсетілген норма «азаптау, қатыгездік және басқа да сол сияқты шектен шыққан қылмыстарға қатысты қолданылады» деген пікір айтылды.

Ұлыбританиядағы көзқарас сәл-пәл өзгеріске ұшырағанға ұқсайды. Мысалы, *Cot R v. Plymouth Justices, ex parte Driver* ісінде «күдікті юрисдикция шеңберінде қамауда отырса, оның қалай қамауға алынғанын тексеруге соттың еш құзіреті жоқ» деп мәлімдеді. Алайда *R v. Horseferry Road Magistrates' Court, ex parte Bennett* ісінде лордтар палатасы екі мемлекет арасында экстрадиция шарты болып, «күдікті сол мемлекеттен заңсыз жолмен Англияның юрисдикциясы жүруі үшін экстрадиция туралы шартты бұза отырып әкелсе, оның заңсыз ұсталғанынан полиция, тергеу, атқару органдары хабардар болса, күдіктінің ісі қараудан сот бас тарта алады деп мәлімдеді.

Экстрадиция

Экстрадиция практикасы бір мемлекеттің екінші мемлекеттен қашып келіп ұсталған күдіктіні немесе қылмыскерді сол мемлекетке қайтаруға мүмкіндік береді. Экстрадиция екіжақты шартпен бекітілген, бірақ дәстүрлі құқықта мемлекеттің міндеті болып есептелмейді. Экстрадицияның әдетте қазіргі шарттардан туындайтын жалпыға ортақ қағидаттары бар. Мысалы, қосарлы қылмыс туралы, яғни қылмыс екі мемлекетке де қатысты болып саналуы тиіс деген қағидат және айрықша қылмысы үшін экстрадициялау туралы, яғни экстрадицияланған адам сол елде тек сол экстрадицияға себеп болған қылмысы үшін ғана сотталуға тиіс деген қағидат бар. Жалпы алғанда, экстрадицияға саяси сипаттағы қылмыстар жатпайды, ал террористік әрекеттер тіпті қамтылмайды. Жоғарыда айтып өткен көп шарттарда көрсетілгендей, шартқа қатысушы мемлекеттер не күдіктіні сотпен қудалау керек немесе оны экстрадициялау қажет деген қатаң талап қойылады.

Сонымен қатар, көптеген шарттарда қатысушы-мемлекеттер арасындағы белгілі бір қылмыстар бойынша экстрадициялау жөніндегі қолданыстағы екіжақты шарттарға автоматты түрде қосылу көзделген.

Көптеген елдер өз азаматын басқа елге экстрадициялауға жол бермейді, бірақ бұл әдетте сол мемлекеттің шетелде қылмыс жасағаны үшін азаматтарын сотқа жауапқа тартуға кең құзіреті болған кезде солай болады.

Одан бөлек, экстрадиция кезінде адам құқығын бұзбау мәселесі өзекті екенін атап өткен жөн, яғни экстрадицияланған адам Еуропаның Адам құқықтары туралы конвенциясын бұзып, азаптау мен адамгершілікке жат әрекеттердің құрбаны болмауы тиіс.



Экстратерриториялық юрисдикция

Экономикалық мәселелер контекстінде мәселелер кейбір мемлекеттердің, атап айтқанда, АҚШ-тағы ішкі құқық нормаларын өз территориясынан тыс жерлерде қолдануға тырысуынан пайда болып, ақырында басқа мемлекетпен ортада кикілжің туады.

Талап арыз территориялық және ұлттық юрисдикция теорияларына негізделген кезде мұндай мәселе туа бермейді, бірақ талап арыз «әсер ету» доктринасына негізделгенде айтарлықтай қарама-қайшылық туындап жатады. Ондай кезде мемлекет территориялық қағидат шеңберінен шығып, қарсы тараптың іс-әрекеті өзінің территориясына ықпал еткені үшін өз юрисдикциясын территориясынан тыс жерде жүргізуге ұмтылады.

Тіпті құқықбұзушылық басқа мемлекетте жасалса да, өз юрисдикциясын жүргізбек болады.

Бұл доктринаны кейбір мемлекеттер, атап айтқанда АҚШ, монополияға қарсы реттеу саласында қолдануға болады деген ұстанымда. Америкалық доктринасы АҚШ пен АҚШ-тың Алюминий компаниясы (US v. Aluminum Co. of America) ісінде классикалық түрде көрініс тапты. Сот «Кез келген мемлекет өзіне қатысы жоқ тұлғаға өз территориясынан тыс, бірақ өз территориясында салдары білінетін (зардабы тиетін) заңға қайшы әрекеті үшін жауапкершілік жүктей алады» деп мәлімдеді.

Бұл доктринаға біраз өзгертулер енгізілді. Өйткені мұндай жауапкершілік құқықбұзушылықтың салдары ауыр болса, жүктелуі тиіс деген талап қойылды. Дегенмен тұжырымның жалпылама сипаты АҚШ-тан тысқары жерлерде наразылық туғызып, АҚШ-тың өз территориясынан тыс жерден табылған дәлелді Америка құқығына сай сотқа дейінгі әшкерелеу ретінде қабылдап, нәтижесінде келтірілген зардапты үш есе қайтару талпынысы ретінде бағаланды.

Шет мемлекеттердің наразылығы ұлғайған сайын, АҚШ соттары бұл доктринаға Тимберлайн Лумбер компаниясы мен Америка банкі (Timberlane Lumber Co v Bank of America) және Маннингтон миллс пен Конголеум корпорациясы (Mannington Mills v. Congoleum Corporation) арасындағы істерде өзгертулер енгізе отырып, қолданғанға ұқсайды.

Аталған істерде сот бұған дейінгі істерде қолданған «әсер ету» критерийінен бөлек, басқа мемлекеттердің мүддесін, АҚШ пен мүдделі тараптар арасындағы қарым-қатынастың толық сипатына сай келетін тепе-теңдік критерийі, «юрисдикциялық нормалардың қисындылығы» критерийін де қолданған жөн деп көрсетті.

АҚШ-тың соттары ұстанымдарын одан әрі өзгертті. Сот Laker Airways v. Sabena ісінде АҚШ-тың антимонополиялық заңдары қолданылатын жерде бұл заңдарды қолдануға болмайды деген пікір айтқан. Тиісінше, екі жақтың арасындағы дау тек дипломатиялық жолмен ғана шешілуі тиіс.

Шетелдік мемлекеттер «әсер» доктринасына 1970 жылдардың соңы мен 1980 жылдардың басында назар аударды және осы бағытта заңдар қабылдай бастады. Мысалы, 1980 жылғы Ұлыбританияның Сауда мүддесін қорғау туралы заңына сәйкес, егер мемлекеттік хатшы шетелдік мемлекетпен экстратерриториялық юрисдикция мәселесіне кезіксе, сол мемлекеттің сот органдары мен басқа да органдарына қандай да бір құжат немесе ақпарат беруден бас тарта алады.

Сонымен қатар, Ұлыбританияның азаматы немесе резиденті Англияның соттарына шетелдік соттың шешімімен төлеуге мәжбүр болған шығындары бойынша шағымдануға құқылы. Атап айтқанда, АҚШ-тың көзқарасына қатысты Еуропа қауымдастығының ұстанымы қатаң. 1984 жылғы наурызда Конгресс комитетіне АҚШ-тың экспортты бақылау туралы құқық нормаларына қатысты жолданған хатта былай делінген: «АҚШ-тың Еуропа мемлекеттерінің еншілес компанияларына және АҚШ-тың өз территориясынан тыс жерде орналасқан компаниялары мен тауарларына юрисдикциясы халықаралық құқық қағидаттарына қайшы келіп отыр, оның соңы саяси-құқықтық сипаттағы кикілжіңге душар етуі мүмкін. Мұндай еншілес компаниялар, тауарлар мен технологиялар өздері орналасқан мемлекеттің заңына бағынуы тиіс».

Дегенмен Еуропа қауымдастығының өзі бәсекелестік құқығы саласында қауымдастық территориясынан тыс жерде орналасқан корпорацияларға юрисдикциясын жүргізеді.

Мысалы, ICI v. Commission (АиСиАй мен Комиссия) арасындағы істе Еуропа соты жауапкер-кәсіпорынның қауымдастық территориясында орналасқан еншілес компаниялары



болғандықтан, компания шығарып отырған бояуға баға қоюды шектейтін келісімдерге Еуропа қауымдастығының юрисдикция жүретінін мәлімдеді және Бас қорғаушының юрисдикция тікелей әрі тез арада, болжамды әсер шегінде болуы керек деген уәжін қараусыз қалдырды.

Сұрақтар

1. Эйхман ісінде сот халықаралық құқыққа, іс жүзінде, қылмыстық тыйым салу мен қылмыскерді сотқа тарту үшін әр мемлекеттің заң шығарушы және сот органдарының көмегінің зәру деп мәлімдеді. Ал егер мемлекеттің муниципалдық құқығында халықаралық құқық нормасы белгіленбесе, мұның салдары қандай болуы мүмкін?

2. Егер мемлекет күдіктіні экстрадициялаудан бас тартса, оның салдары қандай болуы ықтимал?

3. «Әсер» доктринасын қолдану амалдарын құптайсыз ба?

Әдебиеттер

1. L. Reydams, *Universal Jurisdiction: International and Municipal Legal Perspectives*, Oxford, 20027
2. C. Ryngaert, *Jurisdiction in International Law*, 2nd edn, Oxford, 20157
3. Y. Shany, *Regulating Jurisdictional Relations between National and International Courts*, Oxford, 2007.